

Жанғара ДӘДЕБАЕВ,
Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры,
филология ғылымдарының докторы,
профессор

АБАЙ ІЛІМІ - АЛТЫННАН АРДАҚТЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫМЫЗ

Адам өмірінің мәні мен мағынасы, қоғамның әлеуметтік болмысы туралы талай ойшылдар ойланған, ой айтқан. Адам баласының өмірге келуінің, өмірінің және өмірден өтуінің, адамдығының мағынасы мен мәні туралы Абай ой айтып, анықтама, сипаттама беріп қана қойған жоқ, іргелі қағидалар жүйесін жасап, қауымының игілігі үшін кісілік кодексін түзді, ілімін ұсынды.

Күннің көзі жарығын дүниеге қалай түсіретін болса, Абай ілімі адамның көкірегін, жан дүниесін, ақыл-ойын сондай жарқыратып ашады. Көкірегіне ілім қонған жастың жүрегінде күн көзіндей жарық болады. Елге, адамға, адамзаттың бәріне деген махаббаттың нұры мен нәрі, жылуы мен қызуы осы жарықтан таралады.

Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың маңызы зор екенінде сөз жоқ. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» трактатында: «Абайды тану – адамның өзін-өзі тануы. Адамның өзін-өзі тануы және үнемі дамып отыруы, ғылымға, білімге басымдық беруі – кемелдіктің көрінісі. Интеллектуалды ұлт дегеніміз де осы. Осыған орай, Абай сөзі ұрпақтың бағыт алатын темірқазығына айналуы қажет», - деген тұжырымы қоғам дамуының қазіргі кезеңі үшін ауадай қажетті рухани құндылықты дәл танып, терең пайымдаудан туған. Бұл тұжырымның өзегінде Қазақстанның ғылым мен білім жүйесінің алдына қойылған аса маңызды және зор міндет

түр деп білеміз. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің зияткерлік меншігі ретінде құжатталған «Абай ілімі» пәнінің ғылыми зерттеу әрі оқу нысаны болып өндіріске енгізілуінің маңызы мемлекет басшысы ғылым мен білім жүйесінің алдына қойған осы міндетті жүзеге асыруға бағытталуында. Мемлекет басшысының ұрпақтың бағыт алатын темірқазығы деп бағалаған Абай сөзі – Абайдың ілімі.

«Абай ілімін» ғылыми зерттеу және оқу пәні ретінде өндіріске енгізудің нәтижесі: 1) абайтану саласында өндірілген инновациялық білімді білуге, түсінуге және қолдануға қол жеткізеді; 2) Абай ілімін білуге, түсінуге және қолдануға қажетті жағдайдың жасалуына негіз болады; 3) Абай ілімін білуге, түсінуге және қолдануға қажетті жағдайдың жасалуы Қазақстан Республикасының рухани және зияткерлік әлеуетінің дамуы мен артуына жаңа серпін береді; 4) Абай ілімін, оның өзегіндегі әлеуметтік қағидаларды білу, түсіну және әлеумет өмірінің барлық салалары мен деңгейлерінде қолдану қоғамдық сананы жаңа сапалық биікке көтереді.

Абай ілімінің өзегіндегі рухани құндылықтар қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінің іргелі құндылықтарына негізделген. Олар халық әдебиетінің үлгілерінде, әдет заңының жүйесінде, әдет-ғұрып, салт-дәстүр өлшемдерінде, дәстүрлі дүниетанымда кеңінен көрініс тапқан. Абай ілімі жүйесіндегі рухани құндылықтар - адамзаттың бәрін бауырым деп сүйген терең танымнан туған қымбат қасиеттер мен ізгі игіліктердің бастау-көзі.

Абай адамның мінезін, заманның бетін өз ілімінің ұлттық және адамзаттық рухани құндылықтарға негізделген қағидаларына сай түземекті мақсат еткен. Бұл - адамзат қоғамының тарихындағы ең бір ізгі, ең бір асыл мақсат. Алдына мұндай мақсат қою үшін кісінің жүрегінде оның өз халқына, адамзаттың бәріне деген шексіз һәм шартсыз сүйіспеншілігі, ұлы махаббаты болуы шарт. Абай іліміндегі адам мінезін түзеу, адамды кемел деңгейге көтеру туралы

өзекті ой бірге қатысты емес, көпке, адам мен заманға бірдей қатысты.

Ақын ілімінің негізінен мынадай қағидалар өріліп шығады: а) адамзат баласы сүйеге, суреттеуге, өзгертуге болатын нысан ғана емес, сонымен қатар ол әлеуметтік тұлға екені туралы; ә) әлеуметтік тұлғаның адамзат алдындағы адамшылық қарызы туралы; б) әлеуметтік тұлға мен көп арасындағы қатынастың сипаты мен мәні туралы. Бұл қағидалардың адамзат ақыл-ойының тарихында танымдық маңызы, әлеуметтік, философиялық мәні терең. Адам табиғаты, оның көпқырлы болмысы, әлеуметтік тұрғысы, әлеуметтік ортамен қатынасы туралы терең, тегеурінді әрі ерекше маңызды қағидалардан Абай ілімінің басты ұстанымдарының мәнісі аңғарылады. Мұндай қағидалар мен ұстанымдар жүйесін жасау деңгейіне Абайға дейінгі түркі халықтары данышпандарының ешқайсысы көтерілмеген-ді, бұлайша шырқап, шығандап ойлау әлем даналарының да мүмкіншілігінен жоғары, биік.

Адамзаттың, адам баласының адамдық мәні, кісілік қасиеті, қоғам сипаты туралы жүйелі ілім қазақ қоғамының тарихында бір-ақ адамда болды. Ол - Абай. Абай өз ілімі арқылы адамзат ақыл-ойының кеңістігінде даналық ұстанымдары мен қағидаларының бірбүтін күрделі жүйесін қалыптастырды, ол ұлттық мазмұнының байлығымен адамзаттың бәріне ортақ рухани құндылыққа айналды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында (2025) «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оларды түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» мақсатында адам капиталын дамытуға қатысты жаңа міндеттер негізделді. «Сапасы жоғары адами ресурстар қажет. Өйткені білікті, саналы адамдар – ұлттық экономиканың арқауы, ел болашағының кепілі» екені туралы тұжырым жасалды. Бұл тұжырымды іс жүзіне асырудың амалдары мен құралдарын анықтаудың, тетіктерін жасаудың маңызы зор.

Мемлекет басшысының осы қағидасын іс жүзіне асырудың жолы қандай? Ұлттық экономиканың арқауы, ел

болашағының кепілі болатын білікті, саналы мамандарды қалай даярлаймыз? Бұл сұрақтарға әркім өзінің жақын мүддесіне орай түрліше жауап беруі мүмкін. Мемлекет басшысы қоғамның алдына, зиялы қауым алдына қойған осы міндетті іс жүзіне асырудың саликалы, сындарлы жолы жоқ емес, бар.

Ұлттық экономиканың арқауы, ел болашағының кепілі болатын білікті, саналы мамандар сапалы кәсіби біліммен қатар Абайдың ілімін білу, түсіну және өмірде қолдану нәтижесінде даярланады. Ұлттық экономиканың арқауы, ел болашағының кепілі болатын білікті, саналы мамандар сапалы кәсіби біліммен қатар Абайдың ілімін білу, түсіну, есте сақтау және өзінің кәсіби қызметінде қолдану құзыреттілігін қалыптастыру арқылы ғана даярланады.

Абайдың ілімін білмей Кісі болатын жол жоқ. Болашақ маманның Абай ілімін білу, түсіну, есте сақтау, кәсіби қызметінде қолдану құзыреттілігін қалыптастырмайынша ұлттық экономиканың арқауы, ел болашағының кепілі болатын білікті, саналы маман даярлау мүмкін емес.

Абай ілімі – заманымыздың басты рухани құндылығы. Оны білу, түсіну, қолдану әлеумет үшін, елдің өсер өркені үшін, ел болашағы үшін ауадай қажет. Сонымен қатар мына жайға назар аударуымыз қажет: Абай ілімі Қазақстан Республикасы Президентінің Қаулысымен (5 қараша 2025 жыл №1081) бекітілген «Қазақстан Республикасы ішкі саясатының негізгі қағидаттары, құндылықтары мен бағыттары» негізіндегі *баршаға бірдей мүмкіндік беретін ашық, қуатты және дамыған ел, жауапты және өркениетті қоғам құру, Әділетті Қазақстанды құру туралы* өзекті идеяны жүзеге асыруға қызмет етеді.

Халық даналары: «Алтынның қолда барда қадірі жоқ», - деген асыл сөз қалдырды. Бүгінгі күннің рухани құндылықтары тұрғысынан қарағанда, Алтынның қадірін білмеуге болады, ал Абай ілімінің қадірін білмеуге болмайды. Абай ілімінің жарығы жүректе жанады. Абай ілімінің жарығына талпынған жүрек – аяулы жүрек.



«Абай ілімі» оқу пәні арқауында ешбір қоспасы жоқ таза жібек іспетті. Оны түте білу терең білімді, жоғары біліктілікті талап етеді. Жібекті түте алмаған жүн етеді.

Абай ілімі – жібектен аяулы, алтыннан ардақты рухани байлық. Абай ілімін оқымаған, білмеген, өмірде қолданбаған, қажет деп есептемеген маманның кісілігі толық болмайды.

«Абай ілімі» оқу пәнін жоғары білім беру бағдарламаларына міндетті оқу пәні ретінде енгізудің әлеуметтік, мемлекеттік маңызы бар.

31.10.2025